



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

2024 жылғы 1 ақпандағы  
№ ДС-28 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалануға қатысты сауалды қарап, келесін хабарлаймын.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (*бұдан әрі - Заң*) 2019 жылы 26 желтоқсанда жаңа редакцияда қабылданып, тиісінше заңнамада белгіленген тәртіппен заңға тәуелді 24 нормативтік құқықтық акт қабылданды.

Заң шеңберінде тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық және археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мен шарттары қатаңдатылды.

Атап айтқанда бұрынғы Заң шеңберінде жалпы екі жұмыс түрі бойынша 197 лицензия берілген болса, қолданыстағы заңнама шеңберінде тек 87 (*ғылыми-реставрациялауға – 28, археологиялық жұмыстарға – 59*) лицензия берілген.

Сонымен қатар, лицензиаттың ғылыми қызметкеріне қойылатын талап күшейтілді. Мәселен, бұрынғы Заң шеңберінде ғылым атағы бар бір адам ғылыми жетекші ретінде бірнеше ұйымның атынан ғылыми жобаға жетекшілік ететін болса, қолданыстағы Заңда ғылыми жетекшінің тек бір ұйымның атынан ұсынылуы талап етіледі. Сондай-ақ ғылыми жетекшінің салалық тәжірибесі нақты құжаттармен расталуы қажет және оның жұмыс тәжірибесінің болуы үш жылдан бес жылға өзгертілді.

Өз кезегінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы қолданыстағы заңға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс тобын құру және лицензиясыз жұмыс жүргізгені, тарихи-мәдени мұра заттарының заңсыз айналымы фактілері үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату мәселесін жалпы қолдаймыз. Жұмыс тобын құру бойынша Мәдениет және

ақпарат министрлігіне тиісті тапсырма берілді. Сауалда көтерілген мәселелер жұмыс тобы аясында Сіздердің қатысуыңызбен қарастыруға болады.

Бұл бағыттағы жұмыстар заңнамада белгіленген тәртіппен жалғастырылады.

**Т. Дүйсенова**

*Орын. Рахимова А.  
Тел. 74-53-47*